



1
ТОМ

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

ЖЕТІТОМДЫҚ

1

ТОМ

Алматы, 2023

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Ақтөбе облысының әкімдігі, Ақтөбе облысының Мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының тапсырысы бойынша шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған
К. Матыжанов

Томның редакция алқасы:
Қасқабасов С., Әзібаева Б., Қыдыр Т., Ақан А., Әкімова Т.,
Әуесбаева П., Елесбай Н., Мүрсәлімова Н., Оралбек А., Рақыш Ж.,
Салтақова Ж., Сәрсек Н.

Қ 54 Қобыланды батыр. Жетітомдық. 1-том / Томды құрастырып, бас-
паға дайындағандар: К. Матыжанов, Т. Қыдыр, Ж. Рақыш (жауапты
шығарушы). – Алматы: Smart University Press, 2023. – 549 бет.

ISBN 978-601-7498-01-6 (ортақ)

ISBN 978-601-7498-02-3 (1-том)

«Қобыланды батыр» жетітомдық жинағының 1-томына «Қобыланды батыр»
жырының қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі мәтіндері енді.

Мұқабада көрсетілген QR арқылы А. Әбдуәлі орындауындағы Марабай
нұсқасы мен А. Садықов орындауындағы Н. Байганин нұсқасының аудиожаз-
басын тыңдауға және жүктеп алуға болады.

Жинақ жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жал-
пы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5каз)

ISBN 978-601-7498-01-6 (ортақ)
ISBN 978-601-7498-02-3 (1-том)

© М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2023



АНДАТПА

«Қобыланды батыр» – қазақтың классикалық батырлық эпостары-
ның ішіндегі ең көлемдісі әрі ең көркемі. Ол Ұлы даланың түкпір-түкпірі-
не кеңінен тараған, қазақ халқының тарихы мен тұрмыс-тіршілігін, мәдени
дәстүрін бойына молынан жинақтаған құрылымы аса күрделі, мазмұны бай
батырлық жырдың озық үлгісі болып табылады. Жырдың көркемдік идеясы
қазақ хандығы жеке мемлекет болып шаңырақ көтеріп, ірге тепкен заман-
дағы ел қорғау, батырлық, ерлік тақырыбын ту етіп көтереді. Жырдың ал-
тын өзегіне қазақ халқының азат ел болып, береке-бірлігі жарасып, адамгер-
шілік асыл қасиеттерді өмір-салтына айналдырған арман-аңсары эпикалық
дәстүрмен шебер өрілген. Сондықтан да бұл жырды қазақ жыршы-жырау-
лары талмай жырлаған, жалпақ жұрт жалықпай ұйып тыңдаған. Тіпті, оны
қазіргі жас ұрпақ та қастерлі мұра ретінде жатқа айтып жүр. Сондықтан да
қазақ эпостарының ішінде халық мұрасын жинаушылар назарына бірден ілік-
кен және алғаш баспа бетін көрген де – «Қобыланды батыр» жыры болды.

«Қобыланды батыр» жыры XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап
баспа бетінде жариялана бастады. Эпосты алғаш Ы. Алтынсарин Марабай
ақыннан жазып алып, 1860 жылы жырдың бір үзіндісін «Қырғыз хрестоматиясына» енгізген.

Қазан төңкерісіне дейін В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Бөкейхан,
П.А. Фалев сияқты зерттеушілер бұл эпостың қазақ руханиятындағы орнын
ерекше бағалаған. Жыр жөнінде М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов,
Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, В.М. Жирмунский,
М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, О. Нұрмағамбетова,
М. Ғұмарова, Ш. Ыбыраев, Т. Қоңыратбай т.б. ғалымдар арнайы зерттеу ең-
бектерін жазды. Қазақ фольклортануына арналған іргелі монографиялар мен
ұжымдық еңбектердің көпшілігінде «Қобыланды батыр» жырына арналған
тараулар бар. Жоғары оқу орындары мен орта мектептерге арнап жазылған
оқулықтар мен хрестоматияларда бұл жыр үздіксіз жарияланып келеді.

«Қобыланды батыр» жыры кеңестік кезеңде де, ел тәуелсіздігін
алғаннан кейін де сан мәрте басылым көрді. Жырдың ғылыми басылымы
1975 жылы «КСРО халықтарының эпосы» сериясымен Мәскеуде басылып
шықты. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүзтомдық «Бабалар сөзі»
сериясының 35-38 томдарында жырдың 16 нұсқасы қамтылды. 2019 жылы
сериясының «Дала фольклоры антологиясының» 1-томында жырдың Қазан
(1914) басылымы жарияланды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Орталық ғылыми кітапха-
насы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба

қорында «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы: Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Көшелек Еламанов, Нұрпейіс Байғанин, Айса Байтабынұлы, Мұрын жырау Сеңгірбеков, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы, Дәулетше, Құлзақ Аманкелдіұлы, Шапай Қалмағамбетов, Ержан Ешімов, Нұрсейіт Битілеуов, Ережеп Тілеумағамбетұлы, Сәдуақас Ділманов, т.б. нұсқалары жинақталған.

Нұсқалардағы кейіпкерлер жүйесі мен жырдың сюжеттік желісінде көп айырмашылықтар жоқ. Батырдың ата-анасының бір перзентке зар болуы; Құдайдан бала тілеп, әулие кезуі; тілектерінің қабыл болуы; Қобыландының батырлық жолмен үйленуі; Құртқаның батырға лайық тұлпарды баптауы; жауды жеңіп, елін азат етуі – жыр нұсқаларына ортақ мотивтер. Жыршылар «Қобыланды батыр» эпосының түпкі сюжетін сақтай отырып, жыр құрамындағы бірқатар оқиғалар мен жекелеген эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған.

«Ел қамын жер ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейтін халық аңсары ғұмырнамалық циклді жырларды туғызуға түрткі болған. Айса Байтабынұлы жырлаған нұсқада батырдың Бөкенбай мен Киікбай деген ұлдарының ерлігі баяндалады.

Эпоста кездесетін жер-су атауларының көпшілігін қазіргі Қазақстан картасынан табуға болады. Әсіресе, Қазақстанның батыс өңірлерінде, Ақтөбе жерінде батырдың есіміне тікелей қатысты топонимдер мен тарихи-мәдени нысандар сақталған. Соған орай, Ақтөбе жерінде Қобыланды батырға арналып салынған кесене де мәдени орда ретінде жұмыс істеп тұр.

Тұңғыш рет топталып беріліп отырған жетітомдық жинақта «Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқалары қамтылды. Алғашқы томына жырдың қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі мәтіндері енді. «Қобыланды батыр» жырының бұрын жарияланбаған Дәулетше, Досжан, Жамболов, Қартбай Қылышұлы, Орынбасар Оңғарбаев, Қайырғали Иманов, Әбілқайыр Дәнекеров нұсқалары мен жыршысы белгісіз «Ноғайлы Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жыры осы басылымда топтастырылып, алғаш рет ғылыми айналымға қосылды.

«Қобыланды батыр» жырының Марабай нұсқасын белгілі өнер қайраткері Ақан Әбдуәлі және Нұрпейіс Байғанин нұсқасын жыршы-термеші Аманқос Садықов жырлады, оның аудиожазбасын мұқабада көрсетілген QR арқылы тыңдауға және жүктеп алуға болады.

Басылым Ақтөбе облысының әкімдігі мен Ақтөбе облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тапсырысы бойынша дайындалды.

Редакция алқасы



МАЗМҰНЫ

Аңдатпа	3
---------------	---

МӘТІНДЕР

Қобыланды батыр	6
Кобланды батыр	269
Koblandy batyr	407

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Түсініктер	537
Есімдер көрсеткіші	538
Жер-су атаулары	540
Сөздік	541
Жыршы, жинаушы, аудармашы туралы мәлімет	542
Шартты қысқартулар	544
Пайдаланылған әдебиеттер	545

